

Құнанбаева Д.Ә.,  
Шілімбетова Г.Т.

**Қазақстандағы  
агроөнеркәсіптік кешен  
кәсіпорындарын қаржылық  
сауықтырудың жағдайы**

Бұл мақалада авторлар еліміздің әлеуметтік-экономикалық жағдайының ерекшеліктерін ескере отырып ұлттық экономикамыз үшін агроөнеркәсіп кешені кәсіпорындарын мемлекеттік қолдаудың маңыздылығын қарастырады. Қазақстан Республикасының агроөнеркәсіптік кешен субъектілерінің тұрақты қызметін қамтамасыз етуге бағытталған қаржылық сауықтыру бойынша шараларға талдау және бағалау жасалады.

**Түйін сөздер:** агроөнеркәсіптік кешен, агроөнеркәсіп кешенін мемлекеттік қолдау, АӨК субъектілерін қаржылық сауықтыру, «Агробизнес – 2020» бағдарламасы.

---

Kunanbayeva D.A.,  
Shilimbetova G.T.

**The financial recovery's state  
of agricultural enterprises in  
Kazakhstan**

The authors of the article consider the importance of state support of agricultural enterprises in the national economy given the socio-economic characteristics of our country. The analysis and rating of financial rehabilitation have been conducted, that aimed at ensuring stable operation of the subjects of agriculture in the Republic of Kazakhstan.

**Key words:** agro-industrial complex, state support of agriculture, financial recovery of agribusiness entities, the program «Agribusiness – 2020».

---

Құнанбаева Д.А.,  
Шілімбетова Г.Т.

**Состояние финансового  
оздоровления предприятий  
агропромышленного комплекса  
в Казахстане**

В данной статье авторы рассматривают важность государственной поддержки предприятий агропромышленного комплекса для национальной экономики с учетом социально-экономических особенностей нашей страны. Проводится анализ и оценка мероприятий по финансовому оздоровлению, направленному на обеспечение стабильного функционирования субъектов агропромышленного комплекса Республики Казахстан.

**Ключевые слова:** агропромышленный комплекс, государственная поддержка агропромышленного комплекса, финансовое оздоровление субъектов АПК, программа «Агробизнес – 2020».

**ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ  
АГРОӨНЕР-  
КӘСІПТІК КЕШЕН  
КӘСІПОРЫНДАРЫН  
ҚАРЖЫЛЫҚ  
САУЫҚТЫРУДЫҢ  
ЖАҒДАЙЫ**

Қазіргі жаһандық экономикадағы туындап отырған қиындықтар жағдайында АӨК кәсіпорындарының тиімді қызмет етуін және қаржылық тұрақтылығын қамтамасыз ету бұл кәсіпорындардың тұрақтылығының басты кепілі болып табылады. Агроөнеркәсіптік кешен деп ауыл шаруашылығын дамыту, оның өндірісіне қызмет көрсету және ауыл шаруашылық тауарларын өндірушілердің өнімдерін соңғы тұтынушыға жеткізумен байланысты халық шаруашылығының салаларының жиынтығын айтамыз. Басқаша айтқанда, бұл кешен құрамына ауыл шаруашылығы, яғни өсімдік шаруашылығы мен мал шаруашылығына қоса өндірістік агроөнеркәсіптік процесті негізгі құралдармен, материалдық-өндірістік қорлармен, энергетикалық ресурстармен қамтамасыз ететін салалар және агробизнесі қаржылық, ақпараттық қамтамасыз етуді ұйымдастырушы салалар, сондай-ақ ауыл шаруашылығы өнімін транспорттау мен сатуды қамтамасыз етуші салалар да кіреді. Біздің еліміздің тұрғындарының жартысына жуығы ауылдық жерде қоныстанғандықтан, сонымен бірге АӨК-ні дамыту азық-түлік және экономикалық қауіпсіздік кепілі саналғандықтан республикамыз үшін агроөнеркәсіптік кешен кәсіпорындарының қаржылық тұрақтылығын қамтамасыз ету және оларды қаржылық сауықтыру мәселесінің алар орны ерекше.

Сол себепті де орта мерзімді перспективаға арналған экономикалық саясатты айқындауға арналып шақырылған Үкіметтің 2015 жылғы 2 ақпанындағы кеңейтілген отырысында Қазақстан Республикасы Президентінің 2014 ж. 11 қарашада жарияланған «Нұрлы жол» бағдарламасын дағдарысқа қарсы жаңа шаралармен толықтыру арқылы АӨК-ні мемлекеттік қолдауды ұлғайту қажеттігі туралы айтып өтілді. Осы мақсатта үкіметке 250 млрд. теңге көлеміндегі шұғыл шаралар қабылдау үшін резерв жасақтау және бағдарламаны бір ай ішінде толықтырып, бекітуге ұсыну тапсырылған болатын.

Зерттеулер нәтижелері көрсетіп отырғандай, агроөнеркәсіп кешенін мемлекеттік реттеу жүйесінің кең таралған міндеттері мыналардан тұрады:

– ауыл шаруашылығына агрохимиялық қызмет көрсету тиімділігін арттыру;

– АӨК субъектілерін ақпараттық қамтамасыз ету жүйесін дамыту;

– АӨК субъектілеріне мемлекеттік қызмет көрсету жүйесін дамыту;

– ауыл шаруашылығындағы техникалық реттеу жүйесін дамыту;

– агроөнеркәсіп кешеніндегі мемлекеттік бақылау жүйесінің тиімділігін арттыру;

– органикалық ауыл шаруашылық өнімдерін өндіру және оның айналымын дамыту үшін жағдай жасау.

Қазіргі орын алып отырған экономикалық жағдайда агроөнеркәсіптегі мәселелерді ауыл шаруашылық өндірушілер өз бетінше шешуге қауқарсыз. Шетелдік және отандық тәжірибе көрсетіп отырғандай, ауыл шаруашылық өнімдерін өндіру нарығының кемшіліктеріне байланысты мемлекеттің араласуынсыз қызмет етпейді. Барлық дамыған елдерде мемлекет түрлі экономикалық және қаржылық рычагтар көмегімен халықты азық-түлікпен қамтамасыз етуге және мемлекеттің азық-түліктік тәуелсіздігін және азық-түліктік қауіпсіздігін қамтамасыз ете отырып ауыл шаруашылығы өнімдері мен шикізатын көп көлемде экспорттауға мүмкіндік беретін табыстарды экономиканың көбірек монополияланған салаларынан қайта бөлу жолымен ауыл шаруашылығына үздіксіз және тұрақты қолдау көрсетеді.

Шетелде ауыл шаруашылығын қолдау фермерлер табысына ықпал ету құралдарынан, ауылдың әлеуметтік сызбасынан, шаруашылық пен салалар арасындағы қатынастардан тұратын күрделі жүйені білдіреді. АӨК-ні белсенді мемлекеттік қолдау АҚШ, Канада және ЕО мүше-мемлекеттеріндегі агроөнеркәсіптік өндіріс көлемінің артуында маңызды рөл атқарды.

Көршілес Ресей мемлекетінде соңғы жылдардағы аграрлық саланы мемлекеттік қолдау федералды бюджет шығындарының 4-9 % құраса, ал 1990 жылы ол 15 %-ға дейін жеткен. Агроөнеркәсіп кешенін бюджеттік қолдаудың 65-80 % аймақтық бюджеттер есебінен жүргізіледі. Нәтижесінде Ресейде бұл қолдаудың деңгейі нақты аймақтың ерекшеліктері мен экономикалық жағдайымен анықтала бастады. 2006 ж. «Ауыл шаруашылығын дамыту туралы» федералды заң қабылданды. Мұнда барлық Ресей үшін бірыңғай нормативтер анықталды [1].

Кейінгі кездері республикамызда қолданылатын агроөнеркәсіп кешенін мемлекеттік қолдау бойынша шараларға мыналар жатады: кәсіпорындарды қаржылық сауықтыру, пайыздық несиелік ставканы субсидиялау,

лизингтің дамуы, ауылдарды әлеуметтік дамыту бағдарламаларының жүзеге асырылуы. Аталғандардың барлығы да кейінгі жылдардағы ауыл шаруашылығындағы жағдайды тұрақтандыруға мүмкіндік берді. Соның ішінде АӨК кәсіпорындарын мемлекеттік қолдау шараларының маңыздыларының бірі агроөнеркәсіп субъектілерін қаржылық сауықтыру болып табылады. Сондықтан да елбасымыздың бұйрығымен бұл шара одан әрі жалғасын табатын болды [2].

Қазіргі уақытта, республикамызда АӨК кәсіпорындарын қаржылық сауықтыру Қазақстан Республикасында АӨК дамыту жөніндегі 2013-2020 жж. арналған «Агробизнес – 2020» бағдарламасы аясында жүзеге асырылып отырғандығы белгілі. Атап айтқанда, қарыз алушылардың кредиттік және лизингтік міндеттемелері бойынша жылдық сыйақы мөлшерін субсидиялау несиені теңгедей алған жағдайда 7 %-ға, ал шетелдік валютада алғандары бойынша 5 %-ға төмендету арқылы жүзеге асырылуда. Субсидиялаудың мерзімі 9 жылға дейін және қаржылық сауықтыру аясында несиені қайтару мерзімі 9 жылға дейін ұзартылып, өсімпұлдар шегеріліп тасталды. Бұл шарада «ҚазАгро» холдингі қаржы институттарына АӨК субъектілерінің кредиторлық және лизингтік міндеттемелері бойынша қайта құрылымдау және қайта қаржыландыру үшін қаражат береді.

Ауыл шаруашылығы кәсіпорындарының қызметі технологиялық процестің ерекшелігі, оның табиғи-климаттық факторға тәуелділігі, сондай-ақ экономикалық және әлеуметтік ортаның ықпалы салдарынан тәуекелі жоғары болып табылады. Ауыл шаруашылық кәсіпорындарын қолдау жүйесі шараларына қарамастан пайдалылық, рентабелділік және төлемқабілеттілік дағдарыстарының көріністері байқалып отырады, сонымен қатар кейбір ауыл шаруашылық кәсіпорындары қаржылық және өндірістік, инвестициялық қызметтерге таралатын жүйелік дағдарыс жағдайында жұмыс істейді. Ол өз кезегінде, ең алдымен, қаржылық сауықтыруға бағытталған дағдарысқа қарсы басқару жүйесін дайындауды талап етеді. Ал дағдарысқа қарсы менеджмент макроэкономикалықпен қоса микроэкономикалық деңгейлерде кең қолданылатын ұғым. Талдаудың ғылыми-зерттеулерінің нәтижелері шаруашылықтағы қаржылық жағдайдың тұрақтылығын арттыруға бағытталғандықтың маңыздылығын көрсетеді.

АӨК субъектілерін қаржылық сауықтыру

– бұл мемлекет қолдауы арқылы сыйақы мөлшерлемесін субсидиялау негізінде айналым қаражаттарын толтыруға, құрылысқа және негізгі құрал-жабдықтарды сатып алуға, техникалық құрал-саймандарды, ауыл шаруашылық техниканы лизингке алу және жоғарыда көрсетілген мақсаттарға арналған кредит немесе лизинг бойынша қарыздарды қайта қаржыландыруға пайдаланылған АӨК субъектілерінің кредиторлық және лизингтік міндеттемелерін қайта құрылымдау мен қайта қаржыландыру. Кредиттік және лизингтік міндеттемелерді қайта құрылымдау – бұл қайтару мерзімін ұлғайту, төленетін қарыздардың тәртібі мен кезектілігін өзгерту, сыйақы мөлшерлемесін өзгерту, сонымен бірге қарызды өтеу бойынша жеңілдік мерзімін ұсынуды білдіреді. Ал кредиторлық және лизингтік міндеттемелерді қайта қаржыландыру дегеніміз бұл қарыз алушыларға жаңа мақсатты кредиттерді беру немесе қарызды ұзартылған мерзімімен қайтару және қарызды төлеу барысында жеңілдік мерзімі мен төмен пайыздық сыйақы мөлшерлемесі бар шарттарымен қосымша келісім-шарттарды жасасу арқылы бұрын берілген кредиттерді алмастыру ұғымын білдіреді.

Қаржылық сауықтыру екі әдіспен жүргізіледі:

1. Кредиторлық және лизингтік міндеттемелерді қайтару мерзімін ұлғайту, төлемді өтеу тәртібі мен кезектілігін өзгерту, сыйақы ставкасын өзгерту арқылы қайта құрылымдау, сондай-ақ қарыз алушылардың кредиторлық және лизингтік міндеттемелерін өтеу бойынша жеңілдікті кезең белгілеу.

2. Кредиторлық және лизингтік міндеттемелерді қайта қаржыландыру, яғни қарыз алушыларға жаңа мақсатты несиелер беру, немесе ұзақ мерзімді қайтару мерзімімен, сыйақының төменгі пайыздық ставкасымен және берешегін өтеудің жеңілдікті кезеңімен қосымша келісім жасау арқылы бұрын берілген несиелердің орнын ауыстыру [3].

Бағдарламаға сәйкес, АӨК субъектілерін қаржылық сауықтырудың бірнеше кезеңі бар:

1) АӨК субъектісі қаржылық сауықтыруға қатысу үшін қаржылық институтқа қажетті құжаттар тізімі мен өтініш тапсырады;

2) қаржылық институт құжаттарды оператордың, яғни «Қазагроменаркетинг» АҚ қарауына жібереді;

3) құжаттар субсидиялау талаптарына сәйкес келген жағдайда оператор АӨК субъектілерін қаржылық сауықтыру бойынша комиссия отырысын шақырады. Ал ол,

өз кезегінде, қаржылық сауықтыру бойынша шешім шығарады;

4) оператор қаржылық институтты комиссияның қабылдаған шешімі жөнінде хабардар етеді;

5) оң шешім қабылданған жағдайда қаржылық институт пен АӨК субъектісі арасында жаңа шарттар негізінде келісімшарт жасалады.

Бұл арада қаржы институттары ретінде екінші деңгейлі банктер; банк операцияларының бөлек, қосымша түрлерін жүргізетін ұйымдар; АӨК саласындағы несиелік серіктестіктер; микроқаржылық/микрокредиттік ұйымдар; мемлекет жүз пайыз қатысатын АӨК саласында кредиттік-лизингтік қызметті жүзеге асыратын заңды тұлғалар; өз қызметін АӨК саласында атқаратын лизингтік компаниялар қызмет етеді.

Бағдарламаны іске асыру кезеңінен бастап, АӨК субъектілерін қаржылық сауықтыру шеңберінде, 2013 ж. қорытындысы бойынша қарызы 17,7 млрд. теңгені құрайтын 27 өтінім қанағаттандырылған болса, 2014 ж. комиссияның бірінші отырысында ортақ қарызы 56,7 млрд. теңгені құрайтын 28 өтінімді қанағаттандыру шешімі қабылданған болатын.

2013 жылы қаржы институттарының бөлінісінде барынша көп шарт ұсынғандар – «ҚазАгроҚаржы» АҚ – 17, «Банк «Астана-Финанс» АҚ – 15, одан әрі азауы бойынша «Евразийский Банк» АҚ – 6, «Цесна Банк» АҚ – 5, «Банк ЦентрКредит» АҚ және «Bank RBK» АҚ 3 шарттан, «Аграрлық несие корпорациясы» АҚ және «Қазинвестбанк» АҚ 2 шарттан болса, 2014 жыл қорытындысы бойынша қаржылық сауықтыру барысы төмендегі кестеде көрсетілгендей жағдайда орын алды:

Бағдарламаның орындалуының алғашқы жылымен салыстырғанда екінші жылы едәуір өзгерістер бар екендігі көрініп тұр. Мысалы, бірінші жылы небәрі 8 қаржы институты 53 болса, ал 2014 ж. қаржы институттарының саны екі еселеніп, олар ұсынған келісімшарттар саны 1065-ке жеткен. Аталған цифрлар агроөнеркәсіп кешені субъектілерінің де қаржылық сауықтыруға қызығушылығының артқандығын аңғартады. Себебі қаржылық сауықтыру шарасына қатысқысы келген АӨК субъектісі қажетті құжаттар мен өтінішін алдымен қаржылық институттарға яғни екінші деңгейлі банктер; банк операцияларының бөлек, қосымша түрлерін жүргізетін ұйымдар; АӨК саласындағы несиелік серіктестіктер; микроқаржылық/микрокредиттік ұйымдар; мемлекет жүз пайыз қатысатын АӨК сала-

сында кредиттік-лизингтік қызметті жүзеге асыратын заңды тұлғалар; өз қызметін АӨК саласында атқаратын лизингтік компанияларға тапсырады. Қаржы институтта-

ры қабылданған өтініштерді қарастырып, жасалған келісімшартты «ҚазАгромаркетинг» АҚ (операторға) тапсырады. Әрі қарай комиссия мақұлдаған келісімшарттар орындалады.

**1-кесте** – 2014 ж. қорытындысы бойынша «Агробизнес – 2020» бағдарламасы шеңберінде АӨК субъектілерін қаржылық сауықтыруды жүзеге асыру барысы туралы ақпарат

	Қаржылық институттың атауы	Оператор қабылдаған келісімшарттар		Комиссиямен мақұлданған келісімшарттар	
		Саны	Міндеттемелер сомасы, млн. теңге	Саны	Міндеттемелер сомасы, млн. теңге
1	«ҚазАгроҚаржы» АҚ	159	8 433,8	150	8 221,3
2	«Цеснабанк» АҚ	190	199 208,7	167	136 580,4
3	«Еуразиялық банк» АҚ	56	22 648,4	50	22 330,6
4	«Банк Центр кредит» АҚ	314	22 937,3	292	20 317,1
5	«Нұрбанк» АҚ	3	422,1	-	-
6	«Қазақстан Халық Банкі» АҚ	108	55 613,6	59	53 335,3
7	«Delta Bank» АҚ	20	26 886,0	6	17 100,0
8	«Қазинвестбанк» АҚ	20	8 215,8	12	7 745,7
9	«Bank RBK» АҚ	3	3 105,3	3	3 105,3
10	«Сбербанк» АҚ ЕБ	3	28 997,9	2	20 454,1
11	«Ауылшаруашылығын қаржылай қолдау қоры» АҚ	119	356,5	111	330,2
12	«АТФ банк» АҚ	6	1 225,9	6	1 225,9
13	«Банк ВТБ (Қазақстан)» АҚ ЕҰ	56	3 333,9	56	3 333,9
14	«Астана-финанс банкі» АҚ	2	1 800,0	2	1 800,0
15	«AsiaCreditBank» АҚ	4	5 133,7	4	5 133,7
16	«АКБ» кредиттік серіктестігі» ЖШС	2	300,0	2	300,0
Барлығы:		1 065	388 619,1	922	301 313,5
Ескерту – «ҚазАгромаркетинг» АҚ жариялаған мәліметі					

Сонымен қатар, өңірлер бөлінісінде қарыздың барынша көбі ұсынылған: Ақмола облысы – 11, СҚО – 9, Қарағанды – 3, Қостанай – 2, Ақтөбе, Алматы облысы және Алматы қаласы бойынша 1 қарыздан.

Биыл үшінші жыл жүргізіліп жатқан «Агробизнес – 2020» бағдарламасының ауыл шаруашылығын дамытуға жасаған үлесін келесі кестеден байқауға болады:

Жоғарыда айтылғандардың бәрі Қазақ-

стандағы агроөнеркәсіпке деген қолдаудың айтарлықтай екендігін аңғартады. Қорытындылай келе, мынадай статистикалық мәліметті ұсынудың жөні бар: түрлі бағалаулар бойынша қазіргі уақытта Қазақстандағы АӨК қолдау 4-9%. Осы шамалас деңгейде Ресей, Украина, Үндістан, Қытай. АҚШ-та мемлекеттік қолдау деңгейі – 26%, ЕО – 33-36%, Жапонияда – 60%. Сонымен, біздің әлі де өсер жеріміз алда екендігі даусыз.

**2-кесте** – Қазақстандағы 2015 жылғы қаңтар 2014 жылғы қаңтарға қатынасымен алынғандағы экономикалық салалардың өсу қарқыны

Экономикалық салалардың өсу қарқыны (Нақты көлем индексі, %-бен)	
Өнеркәсіп	99,2
Ауыл шаруашылығы	103,3
Құрылыс	97,52
Сауда	103,3
Көлік	107,0
Байланыс	110,8
Ескерту – ҚР Ұлттық экономика министрлігі статистика комитетінің мәліметтері	

#### Әдебиеттер

- 1 Котова Л.Г. Государственная поддержка агропромышленного комплекса необходима // Российское предпринимательство. – №6 Вып. 2 (113). – 2012 г. – С.73-77
- 2 Башмаков Д.В. Основные проблемы несостоятельности (банкротства) в агропромышленном комплексе России // Имущественные отношения в Российской Федерации. – №9. – 2011 ж.
- 3 Қазақстан Республикасы ауыл шаруашылығы министрлігінің ресми интернет-ресурсы [www.minagri.gov.kz](http://www.minagri.gov.kz)
- 4 «Қазақромаркетинг» АҚ ресми сайтының мәліметтері [www.kam.kz](http://www.kam.kz)
- 5 Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі статистика комитетінің ресми интернет-ресурсы <http://www.stat.gov.kz>

#### References

- 1 Kotova L. Gosudarstvennaya poddezhka agropromyshlennogo kompleksa neobhodima // Rossiskoe predprinimatelstvo. – #6 Вып. 2 (113). – 2012 g. S. 73-77
- 2 Bashmakov D.V. Osnovnye problmy nesostoyatelnosti (bankrotstva) v agropromyshlennom komplekse Rossii // Imushchestvennyye otnosheniya v Rossiskoi Federacii. – №9. – 2011 zh.
- 3 Kazakhstan Respublikasy Aul sharuashylygy ministriginin resmi Internet resursy [www.minagri.gov.kz](http://www.minagri.gov.kz)
- 4 «Kazagromarketing» AK resmi saytyнын malimetteri [www.kam.kz](http://www.kam.kz)
- 5 Kazakhstan Respublikasy Ultyk ekonomika ministrigi statistika komitetinin resmi Internet resursy <http://www.stat.gov.kz>